

## **2019-2021 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының бюджетін бекіту туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 25-1 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 29 желтоқсанда № 5120 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 75-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2019-2021 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының бюджеті тиісінше осы шешімге 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2019 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 7 680 538,6 мың теңге:
  - салықтық түсімдер – 718 881,0 мың теңге;
  - салықтық емес түсімдер – 4 809,1 мың теңге;
  - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 12 250,0 мың теңге;
  - трансферттер түсімі – 6 944 598,5 мың теңге;
- 2) шығындар – 7 713 293,9 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 23 778,5 мың теңге;
  - бюджеттік кредиттер – 30 300,0 мың теңге;
  - бюджеттік кредиттерді өтеу – 6 521,5 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 14 290,0 мың теңге;
  - қаржы активтерін сатып алу – 14 290,0 мың теңге;
  - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) – (- 70 823,8) мың теңге;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 70 823,8 мың теңге;
  - қарыздар түсімі – 30 300,0 мың теңге;
  - қарыздарды өтеу – 6 521,5 мың теңге;
  - бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 47 045,3 мың теңге.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының 26.09.2019 № 32-1 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы**

мәслихатының 25.11.2019 № 33-1 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі)  
шешімдерімен.

2. 2019 жылға арналған аудандық бюджеттің кірістері Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне сәйкес мынадай салықтық түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

1) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағында мемлекеттік кіріс органында тіркеу есебіне қою кезінде мәлімделген:

дара кәсіпкер, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіпқой медиатор үшін – тұрған жері;

қалған жеке тұлғалар үшін – тұрғылықты жері орналасқан жеке тұлғалар дербес салық салуға жататын кірістер бойынша жеке табыс салығын қоспағанда, облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша жеке табыс салығы;

2) облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша әлеуметтік салық;

3) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің аумағындағы осы салықты салу объектілері бойынша жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салықты қоспағанда, жеке және заңды тұлғалардың, дара кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық;

4) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағындағы жер учаскелеріне жеке және заңды тұлғалардан алынатын, елді мекендер жерлеріне салынатын жер салығын қоспағанда, жер салығы;

5) бірыңғай жер салығы;

6) мыналардан:

тұрғылықты жері аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағындағы жеке тұлғалардан;

өздерінің құрылтай құжаттарында көрсетілетін тұрған жері аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағында орналасқан заңды тұлғалардан алынатын көлік құралдары салығын қоспағанда, көлік құралдары салығы;

7) тіркелген салық;

8) бензинге (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынына акциздер;

9) жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы;

10) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым;

10-1) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысуға лицензияларды пайдаланғаны үшін төлемақы;

11) көлік құралдарын мемлекеттік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым;

12) республикалық бюджет есебіне жазылатын консулдық алымнан және мемлекеттік баждардан басқа, мемлекеттік баж.

3. 2019 жылға арналған аудандық бюджеттің кірістері мынадай салықтық емес түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

1) коммуналдық меншіктен түсетін кірістер:

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерінің басқаруындағы, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігінің мүлкін жалға беруден түсетін кірістерді қоспағанда, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігінің мүлкін жалға беруден түсетін кірістер;

аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар;

ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігінен түсетін басқа да кірістер;

аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетке түсетін басқа да салықтық емес түсімдер.

4. Аудандық бюджеттің кірістері мынадай негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

1) аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен қаржыландырылатын, мемлекеттік мекемелерге бекітіп берілген мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін ақша;

2) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;

3) жер учаскелерін жалға беру құқығын сатқаны үшін төлемақы.

5. Облыстық бюджеттен және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттерінен берілетін трансферттер аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетке трансферттер түсімдері болып табылады.

6. Аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен берілген кредиттерді өтеуден, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі мемлекеттің қаржы активтерін сатудан, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының қарыздарын өтеуден түсетін түсімдер аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттің есебіне жатқызылатындығы белгіленсін.

7. 2019 жылға арналған аудан бюджетінде аудан бюджетіне облыстық бюджеттен табысталатын субвенция көлемі 3 389 430 мың теңге сомасында көзделгені ескерілсін.

8. 2019 жылға арналған аудан бюджетінде ауылдық округтер және Булаев қаласының бюджетіне аудандық бюджеттен табысталатын субвенция көлемі 26 317 мың теңге сомасында көзделгені ескерілсін.

9. 2019 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен нысаналы ағымдағы трансферттердің түсімдері ескерілсін, оның ішінде:

1) оқу кезеңінде негізгі қызметкерді алмастырғаны үшін мұғалімдерге қосымша ақы төлеуге;

2) тілдік курстар бойынша тағылымдамадан өткен мұғалімдерге қосымша ақы төлеуге;

3) жаңартылған білім беру мазмұны бойынша бастауыш, негізгі және жалпы орта білімнің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне қосымша ақы төлеуге;

4) ұлттық біліктілік тестінен өткен және бастауыш, негізгі және жалпы орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мұғалімдерге педагогикалық шеберлік біліктілігі үшін қосымша ақы төлеуге;

5) мектептердің педагог-психологтарының лауазымдық айлықақыларының мөлшерлерін ұлғайтуға;

6) мектептердің педагог-психологтарына педагогикалық шеберлік біліктілігі үшін қосымша ақы төлеуге;

7) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге;

8) халықты жұмыспен қамту орталықтарына әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанттар мен ассистенттерді енгізуге;

9) еңбек нарығын дамытуға (ақпараттық жұмыс, жалақыны ішінара субсидиялау, көшуге арналған субсидиялар ұсыну, жастар тәжірибесі, тұрғын үй жалдауға және коммуналдық шығындарды қайтаруға, жұмыс берушінің субсидиялары, қоныс аударушыларға жаңа бизнес идеяларды іске асыруға арналған гранттар);

10) Қазақстан Республикасындағы мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсартуға;

11) ең төменгі жалақы мөлшерінің өзгеруіне байланысты азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге;

12) көлік инфрақұрылымының басым жобаларын қаржыландыруға;

13) Возвышенка ауылындағы ажыратқыш жүйелер мен су жүргізу имараттары алаңын реконструкциялауға;

14) "№ 4 Булаев орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратын күрделі жөндеуге;

15) "Возвышен орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратын күрделі жөндеуге;

16) "Батыр Баян атындағы Булаев мектеп-гимназиясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының шатырын күрделі жөндеуге;

17) "Қарақоға орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратын күрделі жөндеуге;

18) "№ 4 Булаев орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанындағы стадионды күрделі жөндеуге;

19) "Булаев кешенді мектебі бөбекжай-бақшасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі шатырының жабындысын ауыстыруға;

20) мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің жекелеген санаттарының жалақысын көтеруге.

21) Ноғайбай, Қарақоға, Возвышенка, Октябрьское, Сулышоқ, Писаревка, Александровка, Қоскөл, Бастомар, Таман, Надежка, Чистов, Бәйтерек, Полудин ауылдарындағы 36 бір пәтерлі тұрғын үйлерді сатып алуға.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерістер енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының 12.06.2019 № 30-1 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 08.08.2019 № 31-10 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

10. 2019 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен нысаналы ағымдағы трансферттердің түсімдері ескерілсін, оның ішінде:

- 1) оқулықтар сатып алуға және жеткізуге;
- 2) көмір сатып алуға;
- 3) энзоотиялық ауруларға қарсы алдын алу іс-шараларын жүргізуге;
- 4) қоныс аударушылар мен оралмандар үшін тұрғын үй жалдау (жалға алу) бойынша шығындарды қайтаруға субсидиялар;
- 5) еңбек нарығында талап етілетін кәсіптер бойынша жұмыс кадрларын қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға;
- 6) сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің жұмыс істеуіне;
- 7) мүгедектерге қызмет көрсетуге бағытталған ұйымдар орналасқан жерлердегі жаяу өтпелерді дыбыс құралдарымен және жарық құрылғыларымен жайластыруға;
- 8) "Лебяжье ауылына кіреберіс" аудандық маңыздағы автомобиль жолын ағымдағы жөндеуге;
- 9) "Пролетарка ауылына кіреберіс" КТGY-155 аудандық маңыздағы автомобиль жолын ағымдағы жөндеуге;
- 10) Возвышенка ауылындағы ажыратқыш жүйелерді және су жүргізу имараттары алаңын реконструкциялауға;
- 11) Надежка, Полтавка, Қарағанды, Октябрьское ауылдарында сумен жабдықтаудың ажыратқыш жүйелерін және су жүргізу имараттары алаңын салуға жобалық-сметалық құжаттамаларды әзірлеуге;
- 12) Советское ауылында кентішілік ажыратқыш жүйелерді реконструкциялауға жобалық-сметалық құжаттамаларды әзірлеуге;
- 13) Булаев қаласында сыртқы инженерлік инфрақұрылымы бар және аумағы абаттандырылған он сегіз пәтерлі екі тұрғын үй құрылысына;
- 14) Новотроицкое ауылындағы сумен жабдықтау ажыратқыш жүйелерді реконструкциялауға жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеуге;
- 15) Қарағанды ауылдық округінің Қарағанды ауылында бос уақыт орталығын ағымдағы жөндеуге.
- 16) Надежка, Полтавка, Қарағанды, Октябрь ауылдарындағы сумен жабдықтау ажыратқыш жүйелері мен су құбыры имараттары алаңын салуға жобалық-сметалық құжаттама сараптамасын жүргізуге;

17) Советское ауылындағы кентішілік ажыратқыш жүйелерді реконструкциялауға жобалық-сметалық құжаттама сараптамасын жүргізуге;

18) Александровка ауылындағы магистральдік бұру мен ажыратқыш жүйелерді реконструкциялауға жобалық-сметалық құжаттама сараптамасын жүргізуге;

19) Сарытомар, Молодогвардейское, Хлебобоб, Успенка, Ұзынкөл ауылдарындағы ажыратқыш жүйелерді және су құбыры имараттары алаңын ағымдағы жөндеуге;

20) "Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің Халық өнерпаздары шығармашылығын және бос уақытты ұйымдастыру қызметі орталығы" мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорын ғимаратын күрделі және ағымдағы жөндеуге.

21) Надежка ауылындағы сумен жабдықтау ажыратқыш жүйелері мен су құбыры имараттары алаңын салуға;

22) Надежка ауылындағы көше жарығын жүргізуге.

**Ескерту. 10-тармаққа өзгерістер енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының 12.03.2019 № 28-4 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 12.06.2019 № 30-1 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 08.08.2019 № 31-10 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.**

11. 2019 жылға арналған аудандық бюджетте мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға арналған республикалық бюджеттен бюджеттік кредиттер ескерілсін.

12. 2019 жылға арналған жергілікті атқарушы органның резерві 10 989 мың теңге сомасында бекітілсін.

13. 2019 жылға арналған аудан бюджетінің шығыстарында ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария мемлекеттік ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек көрсетуге шығыстар көзделсін.

14. Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария, орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер көзделсін. Осы тармақтың күші ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын ветеринария пункттерінің ветеринария мамандарына қолданылады.

15. 2019 жылы бюджеттік сала қызметкерлеріне жалақының толық көлемде төленуі қамтамасыз етілсін.

16. 4-қосымшаға сәйкес 2019 жылға, 5-қосымшаға сәйкес 2020 жылға, 6-қосымшаға сәйкес 2021 жылға арналған ауданның ауылдық округтерінің бюджеттік бағдарламаларының тізбесі бекітілсін.

17. 7-қосымшаға сәйкес 2019 жылға арналған аудан бюджетін атқару процесінде жергілікті бюджеттік бағдарламалардың секвестрлеуге жатпайтындығы белгіленсін.

18. 8-қосымшаға сәйкес аудан бюджетінің қаражаты есебінен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына бөлінетін трансферттердің көлемі бекітілсін.

19. Осы шешім 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы  
Мағжан Жұмабаев ауданы  
мәслихаты сессиясының  
төрағасы

Т. Әбілмәжінов

Солтүстік Қазақстан облысы  
Мағжан Жұмабаев ауданы  
мәслихатының хатшысы

Т. Әбілмәжінов

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев  
ауданы мәслихатының 2018 жылғы 27  
желтоқсандағы № 25-1 шешіміне 1-қосымша

## Мағжан Жұмабаев ауданының 2019 жылға арналған бюджеті

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының 26.09.2019 № 32-1 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының 25.11.2019 № 33-1 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы мың теңге
			I. Кірістер	7 680 538,6
1			Салықтық түсімдер	7 18 881,0
	01		Табыс салығы	1 8 525,0
		2	Жеке табыс салығы	1 8 525,0
	03		Әлеуметтік салық	2 14 500,0
		1	Әлеуметтік салық	2 14 500,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	3 36 219,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	2 79 956,0
		3	Жер салығы	6 589,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	3 5 674,0

		5	Бірыңғай жер салығы	1 4 000,0
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	1 4 6 042,0
		2	Акциздер	3 000,0
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	1 3 3 792,0
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	9 250,0
	08		Зандық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	3 595,0
		1	Мемлекеттік баж	3 595,0
2			Салықтық емес түсімдер	4 809,1
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	2 509,1
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	2 500,0
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	9,1
		9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	0,0
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	2 300,0
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	2 300,0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	1 2 250,0
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	650,0
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	650,0
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	1 1 600,0
		1	Жерді сату	1 1 100,0
		2	Материалдық емес активтерді сату	500,0
4			Трансферттер түсімі	6 944 598,5
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	6 944 598,5
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	6 944 598,5

### Кестенің жалғасы

Атауы			Сомасы мың теңге
Функционалдық топ			
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
	Бағдарлама		
		II. Шығындар	7 713 293,9
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	6 50 546,8
	112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	1 8 347,1



	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 8 182,3
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	164,8
122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	1 37 886,6
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 28 613,2
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	8 876,4
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	397,0
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	2 24 338,6
	001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	2 11 082,6
	022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 3 256,0
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	2 34 520,7
	001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 1 817,4
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	2 22 703,3
459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	3 5 453,8
	001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясатын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	3 4 011,8
	003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	1 280,2
	010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	161,8
02		Қорғаныс	1 3 280,2
122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	1 3 280,2
	005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	1 0 156,0
	006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	3 054,2
	007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	70,0
03		Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	2 932,6
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	2 932,6
	021	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	2 932,6

04		Білім беру	3 732 737,6
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 4 739,1
	005	Ауылдық жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру	1 4 739,1
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	3 693 604,0
	001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 0 532,6
	003	Жалпы білім беру	3 025 978,9
	005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	3 9 308,0
	006	Балаларға қосымша білім беру	5 3 211,0
	009	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	3 3 545,0
	015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынғы ақшалай қаражат төлемі	1 0 604,0
	023	Әдістемелік жұмыс	1 1 803,0
	029	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	1 1 911,0
	040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	2 08 497,0
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	2 88 213,5
465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	2 4 394,5
	017	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	2 4 394,5
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	6 14 069,4
451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	5 77 413,5
	001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	3 9 124,1
	002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	2 03 089,2
	004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	1 911,0

	005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	1 65 196,0
	006	Тұрғын үйге көмек көрсету	15,0
	007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	2 4 222,7
	010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	1 027,6
	011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	2 369,6
	014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	8 2 671,4
	021	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	281,0
	023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	4 1 713,8
	050	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	1 5 392,1
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	400,0
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	3 136,0
	050	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	3 136,0
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	3 3 519,9
	030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	2 0 182,0
	031	Жетім балаларды және ата-аналарының қамқорынсыз қалған, отбасылық үлгідегі балалар үйлері мен асыраушы отбасыларындағы балаларды мемлекеттік қолдау	2 633,0
	032	Уақытша отбасыға берілген алыс елді мекендерден мектеп жасындағы балаларды асырап бағу	1 0 704,9
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	8 24 531,1
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	2 2 861,5
	008	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру	2 091,5
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	200,0
	027	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде қалалардың және ауылдық елді мекендердің объектілерін жөндеу және абаттандыру	2 0 570,0
455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	7 661,0
	024	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде қалалардың және ауылдық елді мекендердің объектілерін жөндеу	7 661,0

458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	2 46 239,1
003	Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру	7 550,0
015	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1 9 700,0
012	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	3 6 168,0
028	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	2,0
058	Елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	1 82 819,1
472	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	5 47 769,5
003	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	2 95 340,7
058	Елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	48,0
098	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу	2 52 380,8
08	Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	3 32 824,1
123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	8 2 755,4
006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмыстарын қолдау	8 2 755,4
455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	1 90 921,0
001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 0 892,0
003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	6 5 085,0
006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	9 2 897,0
007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	1 263,0
032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	1 9 015,0
113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	1 769,0
456	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	3 5 100,0
001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілік нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 2 875,0
002	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	1 3 974,0
003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	8 051,0
032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	200,0

465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	2 4 046,7
	001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8 667,4
	006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	6 315,1
	007	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	9 064,2
472		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	1,0
	008	Спорт объектілерін дамыту	1,0
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	1 53 834,0
459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	7 881,0
	099	Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру	7 881,0
462		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі	3 1 820,0
	001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	2 5 520,0
	006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	6 300,0
473		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	9 4 395,7
	001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 7 252,7
	006	Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру	310,0
	007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	3 150,0
	009	Жануарлардың энзоотиялық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүргізу	5 302,9
	010	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	7 755,0
	011	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	5 6 625,1
	047	Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	4 000,0
463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	1 9 737,3
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 9 679,1
	006	Аудандардың, облыстық маңызы бар, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің шекарасын белгілеу кезінде жүргізілетін жерге орналастыру	58,2
11		Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	1 5 448,3

472		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	1 5 448,3
	001	Жергілікті деңгейде құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 2 673,3
	013	Аудан аумағында қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын, аудандық (облыстық) маңызы бар қалалардың, кенттердің және өзге де ауылдық елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	2 775,0
12		Көлік және коммуникация	1 124 370,9
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	2 2 735,8
	013	Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	2 2 735,8
458		Аудан (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1 101 635,1
	022	Көлік инфрақұрылымын дамыту	3 4 000,0
	023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	1 52 509,1
	051	Көлік инфрақұрылымының басым жобаларын іске асыру	9 15 126,0
13		Басқалар	4 1 719,8
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 7 495,8
	040	Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	1 7 495,8
469		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	1 5 732,0
	001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 5 732,0
459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	8 492,0
	012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	0,0
	026	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	5 606,4
	066	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің жекелеген санаттарының жалақысын көтеруге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	2 885,6
14		Борышқа қызмет көрсету	9,1
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	9,1
	021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	9,1

15		Трансферттер	2 06 990,0
459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	2 06 990,0
	006	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	23,0
	024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	1 79 605,0
	038	Субвенциялар	2 6 317,0
	051	Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін трансферттер	1 045,0
		III. Таза бюджеттік кредиттеу	2 3 778,5
		Бюджеттік кредиттер	3 0 300,0
		Атауы	Сомасы мың теңге
Функционалдық топ			
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
	Бағдарлама		
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	3 0 300,0
459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	3 0 300,0
	018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	3 0 300,0
		Бюджеттік кредиттерді өтеу	6 521,5
Атауы			
Санаты			
	Сыныбы		
	Кіші сыныбы		
5		Бюджеттік кредиттерді өтеу	6 521,5
	01	Бюджеттік кредиттерді өтеу	6 521,5
	1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	6 521,5
		IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	1 4 290,0
		Қаржы активтерін сатып алу	1 4 290,0
Атауы			
Функционалдық топ			
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
	Бағдарлама		

13		Басқалар	1 4 290,0
473		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	1 4 290,0
	065	Занды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	1 4 290,0
		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0,0
		V. Бюджет тапшылығы (профициті)	- 7 0 823,8
		VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	7 0 823,8
		Қарыздар түсімі	3 0 300,0
Атауы			Сомасы мың теңге
Санаты			
	Сыныбы		
	Кіші сыныбы		
7		Қарыздар түсімдері	3 0 300,0
	01	Мемлекеттік ішкі қарыздар	3 0 300,0
	2	Қарыз алу келісім-шарттары	3 0 300,0
		Қарыздарды өтеу	6 521,5
Атауы			Сомасы мың теңге
Функционалдық топ			
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
	Бағдарлама		
16		Қарыздарды өтеу	6 521,5
459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	6 521,5
	005	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	6 521,5
8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	4 7 045,3
	01	Бюджет қаражаты қалдықтары	4 7 045,3
	1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	4 7 045,3

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев  
ауданы мәслихатының 2018 жылғы 27  
желтоқсандағы № 25-1 шешіміне 2-қосымша

**Мағжан Жұмабаев ауданының 2020 жылға арналған бюджеті**



Санаты	Сыныбы	Ішкі сыныбы	Атауы	Сомасы мың теңге
			I. Кірістер	3 972 027
1			Салықтық түсімдері	557 369
	01		Табыс салығы	12 922
		2	Жеке табыс салығы	12 922
	03		Әлеуметтік салық	190 000
		1	Әлеуметтік салық	190 000
	04		Меншікке салынатын салықтар	237 877
		1	Мүлікке салынатын салықтар	195 319
		3	Жер салығы	5 460
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	23 682
		5	Бірыңғай жер салығы	13 416
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	111 300
		2	Акциздер	3 100
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	102 200
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	5 900
		5	Ойын бизнесіне салық	100
	08		Зандық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	5 270
		1	Мемлекеттік баж	5 270
2			Салықтық емес түсімдер	4 177
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	2 317
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	2 000
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	7
		9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	310
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	1 860
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	1 860
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	6 850
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	850
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	850
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	6 000
		1	Жерді сату	6 000
4			Трансферттердің түсімдері	3 403 631
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	3 403 631
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	3 403 631

Атауы	Сомасы
Функционалдық топ	мың
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	теңге

## Кестенің жалғасы

Бағдарлама		
	II. Шығындар	3 972 027
01	Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	347 757
112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	14 816
	001 Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	14 816
122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	100 777
	001 Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	100 777
123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	190 437
	001 Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	190 437
458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	8 652
	001 Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8 652
459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	33 075
	001 Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттың қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	30 840
	003 Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	1 575
	010 Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу -	660
02	Қорғаныс	14 187
122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	14 187
	005 Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	9 253
	006 Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	3 919
	007 Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	1 015
03	Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	2 442
458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	2 442
	021 Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	2 442
04	Білім беру	2 698 344

123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	12 460
005	Ауылдық жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру	12 460
464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	2 663 161
001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	13 946
003	Жалпы білім беру	2 352 402
005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	15 850
006	Балаларға қосымша білім беру	25 188
009	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	71 356
015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі	11 190
022	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер	355
029	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	8 725
040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	154 076
067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	10 073
465	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	22 723
017	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	22 723
06	Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету	223 327
451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	209 697
001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	28 193
002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	37 785
004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	2 720
005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	21 427
006	Тұрғын үйге көмек көрсету	99
